ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр станциялары, торлары және жүйелері

кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к., доцент Умбетқулов Е.К.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
«_____» _____ **20___ ж.**
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Құлтөбе 20 МВт жел электр станциясын жобалау

мамандығы бойынша

Орындаған Жұмағалиев Ернар ЭСК-12-1
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші т.ғ.к. профессор Хожин Г.Х.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер:

Экономикалық бөлім бойынша :
т.ғ.к. профессор Макулов А.А.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «31» 05 2016 ж.

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
доцент, т.ғ.к. Абдимуратов Ж.С.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «30» 05 2016 ж.

Мөлшер бақылаушы:
доцент Тергеусізова М.А
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «1» 06 2016 ж.

Пікір жазушы :
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
«____» _____ 20____ ж.
(қолы)

Алматы 2016

V

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика факультеті
5В071800 - Электр энергетика мамандығы
Электр станциялары, торлары және жүйелер кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Ибдігалиев Ернар
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Қуаттығы 20 МВт жел электр станциясын жобалау

ректордың « 19 » 10. 2015 № 148 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «____»_____20___ ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Қуаттығы 20 МВт жел электр станциясы. Генератор саны - 5 Генераторлың бірлік қуаттығы - 5×4000кВт. Қуаттығы 20 МВт ЖЭС-да 10.110кВ ТҚ бар. Өзіндік мұқтаждыққа кететін қуат мөлшері - 2% Жүйенің резерві қуаттығы - 10МВт

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

Қуаттығы 20 МВт жел электр станциясының электр сұлбасын өңдеу. Жел электр конденсорларының негізгі бөліктерінің және қосалқы құрылғының түрлерінің, энергетикалық негізгі параметрлерін есептеулер. Тиімді жел электр конденсорларын таңдаудың және де оларды техника-экономикалық салыстыру.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1 Хожин Г.Х. Электр станцияларын мен қосалқы станциялар. Оқулық - Алматы: "Білім" баспа орталығы 2014ж. 452-б.
2 Неклепаев Б.Н. Электрическая часть станций и подстанций М. Энергоатомиздат 1990ж
3 Хожин Г.Х. Пеньков Ю.А. "Электроэнергетикалық" мамандығы бойынша орысша-қазақша сөздік оқу құралы. - Алматы Энергетика және байланыс институты 2009ж - 100бет

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Экономикалық бөлім	Жакупов А.А.		
Өмір тіршілігі қауіпсіздігі	Абилмуратов Ж.С.	30.03.16-30.05.16	
Мәтінер бақылаушы	Тергеусізова М.А.	01.06.2016	

Диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Дипломдық жобаны орындауға керекті материалдарды жинау	19.01.16 - 21.02.16	
2.	Электрлік бөлім	23.02.16 - 04.04.16	
3.	Экономикалық бөлім	06.04.16 - 11.04.16	
4.	Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі	13.04.16 - 18.04.16	
5	Соңғы материалдары	20.04.16 - 02.05.16	
6	Дипломдық жұмыстың түсіндірме жобасын орындау	04.05.16 - 16.05.16	
7	Дипломдық жұмысты алдын-ала қорғау	18.05.16 - 23.05.16	
8	Дипломдық жұмысты қорғау		

Тапсырманың берілген уақыты «_____» _____ 20___ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Т.ғ.к доцент Үмбетқұлов Е.К.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____ Т.ғ.к профессор Хожин Г.Х.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Ибрагимов Ернар
(қолы) (аты -жөні)

Аңдатпа

Берілген дипломдық жобаның тақырыбы қуаты 20 МВт ЖЭС жобалау болып табылады. Жоба қысқаша кіріспеден, электртехникалық бөлімдердің есебінен тұрады,онда жобаланаушы электр станциясының бас электр сұлбасы және электртехникалық құралдарды таңдау,экология және өміртіршілік қауіпсіздігі тақырыбына арналған бөлім,жобаның экономикалық тиімділігінің есебі берілген.

Аннотация

Темой данного дипломного проекта является ВЭС мощностью 20 МВт. Записка содержит введение, в котором кратко формируется предпосылки к выполнению данного проекта,электротехническую часть,содержающую выбор основных электрических схем проектируемой станции и выбор основных электротехнических оборудовании,раздел затрагивающий вопросы экологии и безопасности жизнедеятельности, расчет экономической эффективности проектируемой станций.

Annotation

The theme of this diploma project is WPS by power 20 MVt. A message contains introduction in that briefly formed pre-conditions to implementation of this project, electrical engineering part, choice of basic electric charts of the designed station and choice, basic electrical engineering equipment, a division affecting the questions of ecology and safety of vital functions, calculation of economic efficiency designed the stations.

Мазмұны

Кіріспе 7
1 Электрлік бөлім 8
1.1 Бастапқы берілгендер 8
1.2 Жел энергиясын пайдалануы 8
1.3 Жел қондырғысынның электр энергиясын өндіру технологиясы 9
1.4 Жел қондырғылардың негізгі бөліктері 10
2 ЖЭС-ның электрлік баланс сұлбаларын таңдау бойынша техникалық экономикалық есептеулер жүргізу 15
2.1 Құрылымдық сұлбалардың нұсқаларын таңдау 15
2.2 Екі нұсқаның блоктық трансформатордағы электр энергиясының жылдық шығынын есептеу 29
2.3 Қысқа тұйықталу тоқтарын есептеу 33
3 Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі 50
3.1 Жел электр станциясында еңбек қорғау бойынша ұйымдастыру және техникалық шараларға талдау жасау 50
3.2 Өрт қауіпсіздігі 54
3.3 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарадары 59
4 Экономикалық бөлім 62
4.1 Жобаның мақсаты 62
4.2 Жобаның экономикалық негізделуі 62
4.3 Маркетинг жоспары 63
4.4 Финанстық жоспар 64
4.5 Станция салуға кететін ақша құйылымдарын анықтау 65
4.6 Шығындарды есептеу 68
4.7 Жобаның экономикалық көрсеткіштерін есептеу 70
Қорытынды 71
Қолданылған әдебиеттер тізімі 72

Кіріспе

Еліміздің нарықтық экономикаға өтіп жаңа реформалардың келуі электр энергетика саласына өзінің әсерін тигізді. Бұл сала бойынша ТМД елдері бойынша Қазақстан Ресей Федерациясы және Украина Республикасынан кейінгі үшінші орынды алады да, Қазақстан Республикасының энергетикалық дамуының негізгі болып электр тәуелділігін жою, тұтынушыларды сапалы электр энергиямен қамтамасыз ету болып табылады.

Дипломдық жобаны қарастыру барысында жоғарыда айтылған мәселелерге көңіл бөлінген.Бұл дипломдық жобада 20 МВт – тық ЖЭС – ның орнатылған қуатын есептеу жобаланады және бұл ЖЭС – ны есептеуде электрлік қондырғыларды таңдау көрсетілген және құрылымдық сұлбалар, электрлік қосылудың мақсатқа сай нұсқаға сай таңдау ,қарастырылған электростанцияның өзіндік мұқтаждық, қоректену жүйесін таңдау, қысқа тұйықталу тоғын есептеу көрсетілген.

Жобада пайдаланылған мәліметтерді салыстырмалы және шартты түрде аламыз. Сонымен қатар уақыт өтуіне байланысты кейбіреулерінің өзгеруіде ықтимал.

Жел энергетикасы - жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр

энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын жаңартылатын энергетиканың саласы.

Қазақстанның 60 % аумағының орташа жел жылдамдығы 4-5 м/с құрайды ал қалған аумағы 6,5 м/с және одан жоғары , ол жел энергетиканың дамуына жақсы көрсеткіш. Жел энергияның техникалық пайдалану мүмкіндігі

3 млрд.кВт/сағ тең.

Жел энергиясына қызығушылық келесі факторлармен анықталады:

- сарқылмайтын энергия көзі,отын турлері пайдаланбайды;
- алыс қашықтықтағы аймақтарды электр энергиясымен қамтамассыз етуі;
- қысқа мерзімде ЖЭС – нің салынуы;
- атмосфераны ластамайды және зиянды қалдықтардың болмауы;

Қазақстандық Жел энергиясының дамыуы бірітіндеп бүкіләлемдік процесстің бөлігі ретінде қалыптасуда.Қазақстанда бұл саланың дамуы мемлекеттің жағынан нақты қаржы және техникалық қолдауының жанында болады. 2013 және 2015 жылдар аралығында Жел электр станциясын көптеп салу күтілуде және қазіргі таңда Қазақстанда бұл жобалар іске алып жатыр. Жаңғыртылатын энергия көздерінің электр энергия өңдірісі 0,5 % , ал 2016 жылы бұл көрсеткіш 1% болады және 2020 жылы 3% болады деп күтілуде.

Қазіргі уақытта электрэнергиясының жетіспеушілігінен және экологиялық ақуалды жақсарту мақсатымен ғалымдардың алдында дәстүрлі емес энергия көздерін дамыту мәселесі туындап отыр.

1 Электрлік бөлім

1.1 Бастапқы берілгендер

1.Генераторлар саны –5;

2.Генераторлардың бірлік қуаты - 5х4000 кВт;

3.Қуаты 20 МВт ЖЭС- да 10кВ, 110кВ ТҚ бар. ЖЭС - сы энерго жүйемен 35 кВ кернеуде байланыс орнатылған.Энергетикалық жүйемен байланыстыратын желі саны және ұзындығы – 2х15 км;

4.Өзіндік мұқтаждыққа кететін қуат мөлшері = 2%;

5.Жүйенің резервті қуаты – $P_{рез}$= 10 МВт;

6.Жүйенің ҚТ қуаты – 200 МВ·А.

7.Кернеуі10кВ-қ ТҚ-ғы жүктеме – 2000 кВт;

8.10.Жүктеменің ұзақтығы қыс/жаз – 200/165 тәулік

9.Тұтынушылардың сипаттамасы : құрылыс комбинаты, комуналды – тұрмыстық жүктеме.

1.1 Кесте – Жел генераторлардың қуат өндіруі және 10 кВ тарату құрылғысындағы жүктемелердің жұмыс істеу графигі

Уақыты, сағат / **Жыл мезгілі**	**0 –9**	**10 -17**	**18- 24**
Қыс	81%	100%	81%
Жаз	73%	80%	73%

1.2 Жел энергиясын пайдалануы

Барлық жел қозғалтқыштарының жұмыс істеу принципі бірдей: жел өзінің қысымы арқылы жер дөңгелегі қалақшаларымен бірге айналады, сосын айналу моментін білік арқылы генераторға береді. Жел дөңгелегінің диаметрі үлкен болған сайын, ол үлкен ауа ағынын қамтиды және де агрегат үлкен энергия бөледі.

Бұл жерде жел қозғалқыштың принциптік қарапайымдылығы, тіпті тәжірибесіз конструктордың фантазиясына кең өріс береді.

Жел қозғалтқыштың дәстүрлі-көлдене түрде орналасқан айналу өсі кіші өлшемді агрегаттармен қуаттар үшін жаман шешім емес. Қалақшалардың ұзын болған сайын, нәтижесіз болады, себебі жел әртүрлі биіктікте әртүрлі бағытта соғады. Бұл жағдайда оларды желдің бағытына қарай тиімді орналастыру мүмкін емес, оның есесіне агрегаттың қалақшаларын қиратып алу қаупі туады. Және ірі қозғалтқыштардың қалақшалары үлкен жылдамдықпен қозғалған сайын, олардан туатын шуыл даөседі. Қалай айтқанмен де жел энергиясын пайдалану жолындағы ең үлкен кедергі экономикалық тиімсіздігі агрегаттың қуаты

аз, ал оған жұмсалатын пайдалану қаржысы көп. Соңында жел қозғалқыштарының беретін энергиясының өзіндік құнны дәстүрлі энергия көздеріне бәсеке туғыза алмайды.

Қалпына келтіретін дәстүрлі емес жел энергиясының келешегі зор, экологиялық таза, қоры ешуақыта сарқылмайды, әрі арзан, тиімді. Бұларды пайдалану табиғат баланстарын бұзбайды. Жел энергиясын қолдану таулы аймақтардың жоғары бөктерінде толқынды теңіз жағалауларында ыңғайлы екені бәрімізге танымал. Жел энергетикасын дамытуға қолайлы аймақтар өте көптеп табылады. Жел күші жер бетінің ойлы-қырлы болуына тікелей байланысты. Мысалы, таулы аймақтың екі бөлігін қарастырайық. Күн көзінің екі бөлікке түскен энергиясы бірдей болғанымен, жердің кедір-бұдыры әр қилы болғандықтан, жел күшінің ықпалы, бағыты да әр-түрлі болады. Жел күшінің ықпалы жыл мезгілінің ауысуына, ауа райының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Жел күшінен өндірілетін энергия мөлшері желдің тығыздығына, жел турбинасының қалақшаларының ауданына, жел жылдамдығының кубына тәуелді болады.

1.3 Жел қондырғысынның электр энергиясын өндіру технологиясы

Жел қондырғыларда жел ағынының кинетикалық энергиясы генератор роторларының айналу процесі кезінде электр энергиясына айналады. Конструкциясы жағынан желқондырғылардың генераторлары электростанция-дағы отын жаққанда ток өндіретін генераторларға ұқсайды. XX ғасырдың басында М.О. Жукавский жел двигателінің теориясының негізін қалады, осы теорияны негіздей отырып әлсіз желдің ырғағынан жұмыс істелетін жоғары өнімді жетілдірілген жел агрегаттардың құрылыстары жасалынды және де барлық елдің ғалымдары мен самолет жасаушы конструктор мамандары өз үлестерін қосты. Барлық жел қозғалтқыштарының жұмыс істеу принципі біреу-ақ,онда желдің әсерінен қозғалатын жел қалақшаларының қозғалысы әсерінен электр энергиясын өндіретін генераторының айналып тұратын білігіне беріледі. Жел доңғалағының диаматрі үлкен болған сайын соққан желдің үлкен ағысын қамтиды және агрегат түрлеріне қарап неғұрлым үлкен энергия өндіреді.Жел двигателін екі топқа бөледі:

1) Тік осьпен айналатын жел қозғалтқыштар,оларға карусель типтес,қалақшалы, ортогональды.

2) Горизонталь осьпен айналатын жел қозғалтқыштар (қанатты деп аталады – қанаттарының санына байланысты болады).

Қалақшалы жел қозғалтқыштарының айналу жылдамдығы олардың қалақшалар санына кері пропорционал, сондықтан агрегаттың қалақшаларын үштен артық жасамайды.

Горизонталь айналдыру осі бар екі немесе үш қалақшадан тұратын мұнараның басына бекітілген қондырғыларды – желқондырғылардың ең көп тараған түрі болып табылады, горизонталь айналдыру осі бар турбинаның

роторының басқарушы білігі де көлденең орналасқан. Ал көп қалақшалардан тұратын горизонталь осі бар моделін монолитік деп атайды. Бұл қондырғылар төменгі жылдамдықта жұмыс істейтіндіктен, су тарту насосында пайдаланады.

Тік осьпен айналатын жел қозғалтқыштарының (Н - типтес) роторының жетекші білігі вертикаль орналасқан. Турбиналарының қалақшалары өте ұзын, пішіні доға тәрізді, мұнараның үстіңгі және астыңғы жағына берік орнатылған. Осындай жел қондырғыларын әлемнің бірнеше компаниясы ғана жасайды.

Н – типтес турбинасы роторының ерекшелігі басқарушы білік вертикаль орналасқандықтан, кез келген бағытта соққанжелдің үлкен ағысын қамтиды. Француз инженері Дарвиус тік осьпен айналатын жел двигателінің теория негізін қалай отырып, конструкциясын жасады. Сыртқы түрлерінің айырмашылығына қарамастан горизонталь және вертикаль айналу осі бар желқондырғылардың жұмыс істеу принциптері бірдей.

1.4 Жел қондырғылардың негізгі бөліктері

Жел қондырғылары мынандай негізгі бөліктерден тұрады:

1) Қалақшалар; 2) Ротор; 3) Қалақшалардың айналу бағыты; 4) Демпфер; 5)Тік ось; 6) Қалақшалардың айналу механизмі; 7) Желгенератор;8) Контроллер; 9, 10) Анемоскоп және желдің датчигі; 11)Гондолла; 12)Жел генераторының осі; 13) Турбинаның айналу механизмі; айналу қозғалтқышы; 14) мачта.



1.1 сурет - Жел генераторының құрылысы

Турбинаның қалақшалары арқылы соққан желдің үлкен ағысын қамтиды. Қалақшалар шины талшығынан, полистрольдан немесе көмірпластиктен жасалынады. Турбинанаың қалақшалары жұмыс істегенде

сол маңайдағы телевизияға кері әсерін тигізеді, өзі қуатты дыбыс тербелістерін тудырады. Сондықтан қалақшалардын берік сынбайтын және иілгіш-шыны пластикадан жасайды (радиотолқындарды шағылдырмайды, жұтпайды). Қалақшалардың диаметрінің ұзындығы 16 пен 27 метрдің аралығында болса, салмағы 1150 кг болады.

Ротор орталық білікпен жалғанған қалақшалардан тұрады. Орталық білік басқарушы білікке трансмиссия арқылы жалғанған. Трансмиссия – белдік арқылы кинетикалық энергияны генератордың басқарушы білігіне беріп, электрэнергиясын өндіретін механизмдер жиыны. Желқондырғының бақылау жүйелері алыстан компьютер арқылы басқарып және бақылап отырады. Бақылау жүйелері қандай да бір бұрышпен көлбеу орнаатылған және айнымалы, әр бағытта қозғалып тұрады, және Сонымен қатар электрондық бақылау жүйелері жел жылдамдығы өзгерген кезде, өндірілген кернеу шамасының шамадан асып кетпеуін реттеп отырады.

1.5 Жел қозғалтқыштың түрлері

Қондырғының әлемдік тәжірибеде екі типі қолданылып келеді – көлбеу (қанатты – 2-сурет) және тік (қалақшалы – 3-сурет) айналу осі бар қондырғы.



1.2 сурет - Тік ості жел қозғалтқыштары (қалақшалы)

Әлемдік нарықта 85 % пайыз көлденең айналу осі бар желқондырғыларының сұлбасы қолданылады. Екі сұлбада да бірқатар артықшылықтар бар – олар ауаны ластамайды,салқындатуға суды қажет етпейді, жылулық ластау тудырмайды және отынды қолданбайды.Барлық айтылып кеткен желқозғалтқыштары жұмыс органының айналымы түзілген кезде пайда болатын, алдыңғы жағы мен артқы жағындағы қысымның айырмашылығы нәтижесінде жұмыс істейді. Олардың қуаттары желдің энергиясын қаншалықты түрлендіруі-не байланысты.Сәйкесінше, түрлендіру мүмкіндігі жел қозғалтқышының түрлеріне байланысты желкеннің немесеқалақшаның жұмыс аймағының ауданына тура пропорционал. Бұл желқозғалтқыштар құрылысыәр түрлі болғанымен жұмыс істеу принципі бірдей – желэнергиясын механикалық энергияға түрлендіреді. Кейбір жел қозғалтқыштар орнатылуы кезінде ауданның жағрафиялық қасиеттері ескерілуі тиіс.

Көптеген желқондырғылары құрылымы өте қарапайым болса да, өздерінің жел энергиясын қолдану коэффициенті мәні көп болғандықтан аз таралымға ие болмады.

Көлбеу айналу осі бар жел қозғалтқышы жел бағыты өзгермеген жағдайда кішкентай және аз қуатты қондырғыға тиімді. Олардың қанаттарының құлашы үлкейген сайын тиімділігі төмендей түсті, яғни әр-түрлі биіктікте желдің бағыты әр-түрлі бағытта соғады. Бұндай жағдай да қондырғы жел бағытына қарсы басқарылуы қиынға соғып, қанаттарының бұзылуына қауіп төнеді. Егерде желқондырғыға жалпы сипаттама беретін болсақ жел жылдамдығы 8 м/с болғанда тиімділігі азболғандықтан экономикалық пайдасыз, ал 20-25 м/с болғанда апаттан, ақаудан сақтау үшін оларды автоматты немесе қолмен тоқтату керек. Қолданылып жүрген жел қозғалтқыштарының қуаты негізінен қанат санына, қанатың ұзындығына және желдің сапасына тәуелді болды. Сол себепті неғұрлым қанаттары ұзын болып және жел жылдамдығы жоғары, тұрақты болса, соғұрлым,пайдаланылатын энергия мөлшері және де сапасы жоғарлайды. Осыдан шығатыны, биіктігі 100 м және одан да биік мачта немесе арнайы мұнара тұрғызу, диаметрі 90 м, әр қанаттың салмағы 10 т болатын жұмыс дөңгелегін жасау, осындай биіктікте генераторды, беріліс қорабын электр сымдарын, контактілік сақинаны, қауіпсіздік жүйесін және қозғалтқышты тоқтату жүйесін (немесе дауыл соққанда қанаттарды желге қарсы бұратын бағыттауышын),автоматикасын орнату қажет. Бұл деген өте қиын, күрделі, қымбат және қауіпті құрылыстар.



1.3 сурет - Тік ості жел қозғалтқыштары а) қалақшалы, б) ортогоналъды

Тік айналу осі бар желқондырғыларына келсек, қанатты желқозғалтқыштарымен салыстырғанда бірқатар тиімді жақтары бар. Мысалы, солардың кейбіреулері айналу моменті жоғары, желдің барлық бағыттарында да жұмыс істейді, қоршаған ортаға әсері аз, пайдаланушығыны аз. Бірақ та, өзінің бірқатар кемшіліктерімен жел энергетикалық нарықта 5 %-дықамтиды. Мысалы, номиналды жұмыс режимінде салыстырмалы түрде тиімділігіаз сондықтан айналу моментінің лүпілдеуінің болу генератордың шығыс параметрлерінің қажетсіз лүпілдеуінің пайда болуын тудырмайды.

Тік ості жел қозғалтқыштарының , ортогональді ,желкенді, карусельді және виндроторлы айналу осі бар қондырғы тәжіриебиде қолданылады.

Мұндай қондырғылардың жетіспушілігіне мыналар жатады:

1. автотербеліс процестері әсерінен туындайтын жоғары бүлінушілігі;

2. айналу процесінің тоқымасынан туындайтын – өңдіргіштің көрсеткіштердің шығысының пульцасиясы.

Осы себептерден көптеген желгенераторлары көлденең өсьті схемамен жасалған, алайда,тік осьті қондырғылар әлі де зерттеліде.

1.6 ЖЭҚ - дың кемшіліктері

Нақты жұмыс істейтін жел агрегаттардың жағымсыз құбылыстары анықталды. Мысалы, жел генераторлары көп болған сайын телехабардың таралуына қиындық туғызады және қатты дыбыстық тербелістер туғызады.. Қанатты жел турбинаның қалақшалары шына пластикадан салына бастады, себебі олар радио толқындарын шағылыстырмайды және өзіне сіңірмейді. Бөгет жасаған болатты қарқасты қалақшалар және онда орналасқан назағай соққыларына сақтайтын металл жолақшалары болатын. Олар ультрақысқа толқындарды шашыратып, шығылыстыратын болатын. Шағылған сигнал хабарлағыштан тура келетін сигналмен шатысып, экрандарда бөгеттер жасайды.

Желэнергетикасы дамуы, энергиялар жетіспейтін аудандарда қуаныш әкелгенмен, оның зиянды да әрекеті бар. Желқондырғылардың айналып тұратын қалақшалары, механизмі, айнала ортаға дыбыс шуын шығарады,40 децибелдан асатын дыбыс толқындары, адам организміне зиянды әрекетін тигізеді. Мысалы шу деңгейінің жоғары болуы дыбыс құлақтың дыбыс қабылдауын нашарлатып, организмнің жүйке-психологиялық әрекетіне зиянын тигізеді. Желқондырғылары бір-бірінен мұнара биіктігімен салыстырғанда 5-10 есе қашықтықта орналасуы тиіс, осы территорияда орналасқан желқондырғылар аймағында ешқандай ғимарат, орман болмауын ескеру қажет.

1.7 Жел генераторларын таңдау

Жел генераторы – желдің кинетикалық энергиясын механикалық энергияға және сол энергияны электр энергияға түрлендіретін қондырғы.

Ротор орталық білікпен жалғанған қалақшалардан тұрады. Орталық білік басқарушы білікке трансмиссия арқылы жалғанған ротордың негізгі магнит ағындары өтетін активтық бөлігінде, қоздырғыш катушка орамдарымен толтырылған. Ораманың ойық бөлігіне магниттік емес, бірақ берік дюраалюминиден жасалған сыналар бекітіледі. Орамның ойықтарға жатпаған мынадай бөлігі, ортадан тепкіш күштің әсерінен болатын ығысудан бандаждың көмегімен қорғалады құрсаулар ротордың механикалық қатынасының ең қысым көп түсетін бөлігі болып табылады, жәнеде магнитті емес беріктігі өте жоғары болаттан дайындалады. Ротор білігінің екі жақ шетіне желдеткіш қалақтар орнатыландықтан ол қалақшалар машинаның салқындатқыш газдарының айналымын қамтамасыз етеді.

Жел генератор статоры оның сыртқы қорабынан және өзекшеден тұрады.

Оның қорабы дәнекерленіп дайындалады да басқа бөліктерімен бекітіліп жалғанады. Синхронды генераторлардың роторлдарының орамалары арнайы тұрақты тоқ көзінен қоректенеді, қосымша және реттеуші құрылғылардың қозу жиынтығы қозу жүйесі деп аталады.Статор өзегінің қалындығы 0,5 мм. оқшауламаланған электр техникалық болат табақшалардан жиналады, табақшаларды пакетпен жинайды да, арасына желдеткіш каналдар қалдырылады статор өзегінің ішкі пазаларына әдеттегідей екі қабатты үшфазалы орама орнатылады

Жел генераторлардың жылдамдығы оның құрылымының ерекшелік-терін анықайды. Бұл жел генераторлар көлденең білікпен орындалады. Үлкен механикалық және жылу жүктемелерінде жұмыс жасайтын жел генераторлар роторы тұтас дайындалған магнитті және механикалық қасиеттері жоғары арнайы болаттан жасалынады.

Берілген мәліметтер бойынша келесі типті желгенераторларын таңдаймыз: 5 Siemens swt-4.0 типті жел генераторларын аламыз.Жел генераторлардың техникалық көрсеткіштері келесі 1.2-кестеде көрсетілген.


1.2 Кесте–Жел генератордың техникалық көрсеткітері

Көрсеткіштер	Siemens swt-4.0
Жел генераторының типі:	синхронды
Номиналды қуаты , кВт	4000
Толық қуаты, кВА	5000
Номиналды кернеуі , В	400
Cos φ	0.8
Асқын өтпелі индуктивті кедергісі x''_d	0.11
Номиналды тоғы, А	207
Айналу жиілігі, об/мин	1500
Жел генераторының қалақшалары :	
Айналу бағыты	сағат тіліне қарсы
Ұзындығы, м	63
Салмағы, кг (әрқайсысы)	15000
Қалақшалар саны	3
Жасалыныу	Қатты шыны пластика
Номиналды жел жылдамдығы, м/с	13,5
Трасмиссия:	
Түрі	Үш баспалдақты
Беру коэффиценті	1: 119
Салқындату жүйесі	Ауамен
Тоқтату жүйесі	Аэродинамикалық фрикционды - дискілі
Мачтасы:	
Биіктігі, м	130
түрі	Циліндірлі
Шығарушы ел	Германия

2 ЖЭС-ның электрлік баланс сұлбаларын таңдау бойынша техникалық экономикалық есептеулер жүргізу

2.1 Құрылымдық сұлбалардың нұсқаларын таңдау

Жобалаудың бұл сатысында көрсетілген станцияның құрылымдық сұлбасының екі нұсқасын салыстырамыз. Нұсқалар жергілікті жүктемені және өзіндік мұқтажының жүктемесін электр мен жабдықтау тәсілімен ерекшеленеді.



2.1 сурет - Станцияның құрылымдық сұлбасы(1-ші нұсқа)

Қалыпты режимде 1-ші нұсқа үшін жүктемелердің балансын есептеу.

1) G1, G2, G3, G4,G5 генераторларының қуаттарын есептеу, кВт

Қыс

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 80\%}{100\%} = 16000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 100\%}{100\%} = 20000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{20-24} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 80\%}{100\%} = 16000 кВт.$$

Жаз

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 70\%}{100\%} = 14000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 80\%}{100\%} = 16000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{20-24} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 70\%}{100\%} = 14000 кВт.$$

Электр станцияларындағы электр энергияны өндірудің айнымалы графигі кезінде өзіндік мұқтаждықтың қуат шығынын анықтауға болады.

$$P = (0,4+0,6\cdot\frac{P_i(t)}{P_{белг}})\cdot P_{\theta.M.\max}, \qquad (2.1)$$

мұндағы, $P_i(t)$ - t уақытта станцияның шинаға беретін қуаты, кВт;

$P_{белг}$ - станцияның белгіленген қуаты , кВт;

$P_{\theta.м.\max}$ - өзіндік мұқтаждықтың максималды қуаты,

2) G1,G2,G3, G4,G5 ө.м. жүктемесі, кВт

Қыс

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = (0.4+0.6\cdot\frac{16000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 352 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = (0.4+0.6\cdot\frac{20000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 400 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{20-24} = (0.4+0.6\cdot\frac{16000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 352 кВт.$$

Жаз

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = (0.4+0.6\cdot\frac{14000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 328 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = (0.4+0.6\cdot\frac{16000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 352 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{20-24} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{14000}{20000}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 20000 = 328 кВт.$$

3) 10 кВ-ғы жүктеме, кВт

Қыс

$$P_{10кВ}^{0-12} = \frac{2000 \cdot 100\%}{100\%} = 2000 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{12-20} = \frac{2000 \cdot 100\%}{100\%} = 2000 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{20-24} = \frac{2000 \cdot 100\%}{100\%} = 2000 кВт.$$

Жаз

$$P_{10кВ}^{12-20} = \frac{2000 \cdot 70\%}{100\%} = 1400 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{0-12} = \frac{2000 \cdot 70\%}{100\%} = 1400 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{20-24} = \frac{2000 \cdot 70\%}{100\%} = 1400 кВт.$$

4) T_1,T_2,T_3, T_4және T_5 трансформаторлардың 10 кВ орамына жүктелуы, кВт (қосындысы)

Қыс

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = 15648 кВт;$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = 19600 кВт;$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20--24} = 15648 кВт.$$

Жаз

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = 13672 кВт;$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = 15648 кВт;$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20-24} = 14000 - 328 = 13672 кВт.$$

5) T_1, T_2, T_3, T_4және T_5 трансформаторлардың әрбірінің 10кВ орамынажүктелуі,кВт

Қыс

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = \frac{15648}{5} = 3129{,}6 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = \frac{19600}{5} = 3920 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = \frac{15648}{5} = 3129{,}6 \text{ кВт}.$$

Жаз

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = \frac{13672}{5} = 2734{,}4 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20-24} \frac{15648}{5} = 3129{,}6 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20-24} = \frac{13672}{5} = 2734{,}4 \text{ кВт}.$$

6) Т6және Т7трансформаторлардың 10 кВ орамынан 35 кВ орамына жүктелуі, кВт (қосындысы)

Қыс

$$P_{T5.T6}^{0-12} = 16000 - 352 - 2000 = 13648 кВт;$$

$$P_{T5.T6}^{12-20} = 20000 - 400 - 2000 = 17600 кВт;$$

$$P_{T5.T6}^{12024} = 16000 - 352 - 2000 = 13648 кВт.$$

Жаз

$$P_{T5.T6}^{0-12} = 14000 - 328 - 1400 = 12272 кВт;$$

$$P_{T5.T6}^{12-20} = 16000 - 352 - 1400 = 14272 кВт;$$

$$P_{T5.T6}^{20-24} = 14000 - 328 - 1400 = 12272 кВт.$$

7)Т-6 және Т-7 трансформаторлардың әр-бірінің 10 кВорамынан 35 кВ орамына жүктелуі, кВт

Қыс

$$P_{T6.T7}^{0-12} = \frac{13648}{2} = 6824\,\text{кВт};$$

$$P_{T6.T7}^{12-20} = \frac{17600}{2} = 8800\,\text{кВт};$$

$$P_{T6.T7}^{20-24} = \frac{13648}{2} = 6824\,\text{кВт}.$$

Жаз

$$P_{T6.T7}^{0-12} = \frac{12272}{2} = 6136\,\text{кВт};$$


$$P_{T6.T7}^{12-20} = \frac{14272}{2} = 7136\,\text{кВт};$$

$$P_{T6.T7}^{20-24} = \frac{12272}{2} = 6136\,\text{кВт}.$$

1.3 кесте - 1-ші нұсқа үшін қалыпты режиміңде қуат балансының графигі

Анықталған параметрлер	Жыл кезеңі	Уақыты, сағ		
		0-12	12-20	20-24
1. $Г_1$, $Г_2$, $Г_3$,$Г_4$, $Г_5$ генераторлары-ның қуаттарын өндіру(қосындысы), кВт	қыс жаз	16000 14000	20000 16000	16000 14000
2. $Г_1$, $Г_2$, $Г_3$,$Г_4$, $Г_5$ генераторлары-ның ө.м. қуаты, кВт	қыс жаз	352 328	400 352	352 328
3.10 кВ-ғы жүктеме, кВт	қыс жаз	2000 1400	2000 1400	2000 1400
4. Т1,Т2,Т3,Т4 және Т5 трансфор-маторлардың 10кВ орамына жүктелуі, кВт (қосындысы)	қыс жаз	15648 13672	19600 15648	15648 13672
5.Т1,Т2,Т3,Т4 және Т5 трансфор-маторлардың әрбірінің 10 кВ орамына жүктелуі,кВт	қыс жаз	3129,6 2734,4	3920 3129,6	3129,6 2734,4
6. Т6 және Т7 трансформаторлардың 10 кВ орамынан 110 кВ орамына жүктелуі, кВт (қосындысы)	қыс жаз	13648 12272	17600 14272	13648 12272
7. Т6 және Т7 трансформаторлардың 10 кВ орамынан 110 кВ орамына әрқайсысының жүктелуі, кВт	қыс жаз	6824 6136	8800 7136	6824 6136

2 нұсқа бойнша қуат баланстарын есептеу



2.2 сурет - Станцияның құрылымдық сұлбасы (2-ші нұсқа)

Қалыпты режимде 2-ші нұсқа үшін жүктемелердің баллансын есептеулер.

1) G1, G2, G3, G4,G5 генераторларының қуаттарын өндіру, кВт

Қыс

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 80\%}{100\%} = 16000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 100\%}{100\%} = 20000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{20-24} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 80\%}{100\%} = 16000 кВт.$$

Жаз

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 70\%}{100\%} = 14000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 80\%}{100\%} = 16000 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{20-24} = \frac{(4000+4000+4000+4000+4000)\cdot 70\%}{100\%} = 14000 кВт.$$

Электрстанцияларындағы электрэнергияны өндірудің айнымалы графигі кезінде өзіндік мұқтаждықтың қуат шығынын анықтауға болады.

$$P = (0,4+0,6\cdot\frac{P_i(t)}{P_{белг}})\cdot P_{\theta.M.\max} \qquad (2.2)$$

мұндағы, $P_i(t)$ - t уақытта станцияның шинаға беретін қуатты, кВт;

$P_{белг}$ - станцияның белгіленген қуаты , кВт;

$P_{\theta.м.\max}$ - өзіндік мұқтаждықтың максималды қуаты,

2) G1,G2,G3, G4,G5 ө.м. жүктемесі, кВт

Қыс

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = (0.4+0.6\cdot\frac{16000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 352 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = (0.4+0.6\cdot\frac{20000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 400 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = (0.4+0.6\cdot\frac{16000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 352 кВт;$$

Жаз

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{0-12} = (0.4+0.6\cdot\frac{14000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 328 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{12-20} = (0.4+0.6\cdot\frac{16000}{20000})\cdot\frac{2\%}{100\%}\cdot 20000 = 352 кВт;$$

$$P_{G1,G2,G3,G4,G5}^{20-24} = (0.4 + 0.6 \cdot \frac{14000}{20000}) \cdot \frac{2\%}{100\%} \cdot 20000 = 328 кВт.$$

3) 10 кВ-тағы жүктеме, кВт

Қыс

$$P_{10кВ}^{0-12} = \frac{2000 \cdot 100\%}{100\%} = 2000 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{12-20} = \frac{2000 \cdot 100\%}{100\%} = 2000 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{20-24} = \frac{2000 \cdot 100\%}{100\%} = 2000 кВт.$$

Жаз

$$P_{10кВ}^{12-20} = \frac{2000 \cdot 70\%}{100\%} = 1400 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{0-12} = \frac{2000 \cdot 70\%}{100\%} = 1400 кВт;$$

$$P_{10кВ}^{20-24} = \frac{2000 \cdot 70\%}{100\%} = 1400 кВт.$$

4) T_1,T_2,T_3, T_4және T_5 трансформаторлардың 10 кВ орамына жүктелуі, кВт (қосындыстары)

Қыс

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = 16000 - 352 = 15648 кВт;$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = 20000 - 400 = 19600 кВт;$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20--24} = 16000 - 352 = 15648 кВт.$$

Жаз

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = 14000 - 328 = 13672 кВт$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = 16000 - 352 = 15648 кВт$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20-24} = 14000 - 328 = 13672 кВт$$

5) T_1,T_2,T_3, T_4және T_5 трансформаторлардың әрбірінің 10кВ орамынажүктелуі,кВт

Қыс

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = \frac{15648}{5} = 3129{,}6 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = \frac{19600}{5} = 3920 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{12-20} = \frac{15648}{5} = 3129{,}6 \text{ кВт}.$$

Жаз

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{0-12} = \frac{13672}{5} = 2734{,}4 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20-24} \frac{15648}{5} = 3129{,}6 \text{ кВт};$$

$$P_{T1,T2,T3,T4,T5}^{20-24} = \frac{13672}{5} = 2734{,}4 \text{ кВт}.$$

6) Т6,Т7,Т8,Т9 трансформаторлардың 10 кВорамынан110кВ орамына жүктелуі, кВт (қосындысы)

Қыс

$$P_{\text{T6,T7,T8,T9}}^{0-12} = 16000 - 352 - 2000 = 13648 кВт;$$

$$P_{\text{T6,T7,T8,T9}}^{12-20} = 20000 - 400 - 2000 = 17600 кВт;$$

$$P_{\text{T6,T7,T8,T9}}^{12024} = 16000 - 352 - 2000 = 13648 кВт.$$

Жаз

$$P_{\text{T6,T7,T8,T9}}^{0-12} = 14000 - 328 - 1400 = 12272 кВт;$$

$$P_{\text{T6,T7,T8,T9}}^{12-20} = 16000 - 352 - 1400 = 14272 кВт;$$

$$P_{\text{T6,T7,T8,T9}}^{20-24} = 14000 - 328 - 1400 = 12272 кВ.$$

7) Т6,Т7,Т8,Т9 трансформаторлардың әрбірінің 10 кВорамынан 110 кВ орамына жүктелуі, кВт

Қыс

$$P_{\text{Т6,Т7,Т8,Т9}}^{0-12} = \frac{13648}{4} = 3412 \text{ кВт};$$

$$P_{\text{Т6,Т7,Т8,Т9}}^{12-20} = \frac{17600}{4} = 4400 \text{ кВт};$$

$$P_{\text{Т6,Т7,Т8,Т9}}^{20-24} = \frac{13648}{4} = 3412 \text{ кВт}.$$

Жаз


$$P_{\text{Т6,Т7,Т8,Т9}}^{0-12} = \frac{12272}{4} = 3068 \text{ кВт};$$

$$P_{\text{Т6,Т7,Т8,Т9}}^{12-20} = \frac{14272}{4} = 3568 \text{ кВт};$$

$$P_{\text{Т6,Т7,Т8,Т9}}^{20-24} = \frac{12272}{4} = 3068 \text{ кВт}.$$

2.1 кесте - 2-ші нұсқа үшін қалыпты режимдер қуатын баллансының графигі


Анықталған параметрлер	Жыл кезеңі	Уақыты, сағ		
		0-12	12-20	20-24
1. $Г_1$, $Г_2$, $Г_3$,$Г_4$, $Г_5$ генераторлары-ның қуаттарын өндіру(қосындысы), кВт	қыс жаз	16000 14000	20000 16000	16000 14000
2. $Г_1$, $Г_2$, $Г_3$,$Г_4$, $Г_5$ генераторлары-ның ө.м. қуаты, кВт	қыс жаз	352 328	400 352	352 328
3.10 кВ-ғы жүктеме, кВт	қыс жаз	2000 1400	2000 1400	2000 1400
4. Т1,Т2,Т3,Т4 және Т5 трансфор-маторлардың 10кВ орамына жүктелуі, кВт (қосындысы)	қыс жаз	15648 13672	19600 15648	15648 13672
5.Т1,Т2,Т3,Т4 және Т5 трансфор-маторлардың әрбірінің 10 кВ орамына жүктелуі,кВт	қыс жаз	3129,6 2734,4	3920 3129,6	3129,6 2734,4
6. Т6 және Т7 трансформаторлардың 10 кВ орамынан 110 кВ орамына жүктелуі, кВт (қосындысы)	қыс жаз	13648 12272	17600 14272	13648 12272
7. Т6 және Т7 трансформаторлардың 10 кВ орамынан 110 кВ орамына әрқайсысының жүктелуі, кВт	қыс жаз	6824 6136	8800 7136	6824 6136



_____ қыс

— — — жаз


2.3 сурет – ЖЭС жел генераторларының қуаттарын өндіру графигы



қыс ————

жаз — — —

2.4 сурет – G1,G2,G3,G4,G5 Ө.М. жүктемесінің қуатының графигы



_____ қыс

— — — жаз

2.5 сурет – 10 кВ ТҚ – дағы жүкте ме графигі.

1-ші нұсқа үшін апатты режим

Қалыпты режим бойынша Т-1, Т-2, Т-3, Т-4 және Т-5 трансформаторларын тандау

$$S_{T-6,7} \geq \frac{P_{T-6,7} - P_{о.м.} - P_{жук}}{\cos\varphi_{ном.г.}}; \qquad (2.3)$$

$$S_{T1.T2.T3.T4.T5} = \frac{4000-400}{0,8} = 4500кВА$$

2.2 кесте.Трансформаторлардың каталогтық берілгендері [7,120-бет, 3.3 – кесте]

Түрі	$S_{ном}$ МВА	$U_К$, %	Орама кернеуі		Шығын, кВт		Бағасы мың тг. (49 тыс. Руб) 5 тг.
			ЖК (кВ)	ТК (кВ)	$P_{б..ж.}$	$P_к$	
ТДНС-16000/35	16	10	35	10	17	85	49*5=245

1) Жүктеменің қысқы максимумда 1-ші $Т_6$ трансформаторын ажыратамыз. Бұл жағдайда $Т_7$ трансформаторларынан өтетін қуаттың мөлшері:

Қыс

$$P_{T6.T7}^{0-12} = 16000 - 352 - 2000 = 13648 кВт;$$

$$P_{T6.T7}^{12-20} = 20000 - 400 - 2000 = 17600 кВт;$$

$$P_{T6.T7}^{12024} = 16000 - 352 - 2000 = 13648 кВт.$$

Жаз

$$P_{T6.T7}^{0-12} = 14000 - 328 - 1400 = 12272 кВт;$$

$$P_{T6.T7}^{12-20} = 16000 - 352 - 1400 = 14272 кВт;$$

$$P_{T6.T7}^{20-24} = 14000 - 328 - 1400 = 12272 кВт.$$

Бұл кезде Т-6-ден өтетін максималды қуат 17600 кВт

2) $Г_1$ ажыратылады. Бұл жағдайда 35 кВ ТҚ –сына жіберілетін қуат келесідей болады:

$$P_{Г2-Г5} = 16000 - 400 - 2000 = 13600 кВт.$$

$Т_6$ және $Т_7$ трансформаторларын таңдау тәртібі
Қалыпты режимбойынша Т-6 және Т-7 трансформаторларының шарты:

$$S_{T-6,7} \geq \frac{P_{T-6,7} - P_{о.м.} - P_{жук}}{\cos\varphi_{ном.г.}};, \qquad (2.4)$$

$$S_{T-6,7} = \frac{7600}{0.8} = 9500 кВА.$$

Апаттықрежим бойынша

$$S_{T-6,7} \geq \frac{P_{T-6,7} - P_{о.м.} - P_{жук}}{\cos\varphi_{ном.г.}}; \qquad (2.5)$$

$$S_{T6} = \frac{15200}{1.4 \cdot 0.8} = 13571,4 \text{ к}BA.$$

2.3 кесте - трансформаторлардың каталогтық берілгендері [7,140-бет, 3.5-кесте]

Түрі	$S_{ном}$ МВА	$U_К$, %	Орама кернеуі		Шығын, кВт		Бағасы мың тг. (49 тыс. Руб) 5 тг.
			ЖК (кВ)	ТК (кВ)	$P_{б..ж.}$	$Р_к$	
ТДНС-16000/35	16	10	35	10	17	85	49*5=245

2-ші нұсқа үшін трасформаторлар таңдау

Қалыпты дежим бойыншаТ-1, Т-2,Т-3, Т-4 және Т-5 трансформаторларының шарты

$$S_{T-6,7} \geq \frac{P_{T-6,7} - P_{о.м.} - P_{жук}}{\cos\varphi_{ном.г.}}; \qquad (2.6)$$

$$S_{T1.T2.T3.T4.T5} = \frac{4000 - 400}{0,8} = 4500 кВА.$$

2.4 кесте - Трансформаторлардың каталогтық берілгендері [7,120-бет, 3.3 – кесте].

Түрі	$S_{ном}$ кВА	$U_К$, %	Орама кернеуі		Шығын, кВт		Бағасы мың тг. (10 тыс. Руб) 5 тг.
			ЖК (кВ)	ТК (кВ)	$P_{б..ж.}$	$Р_к$	
ТМ-6300/10	6300	7.5	6,3	0,4	7,4	46,5	10*5=50

